

КІРІСПЕ

Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу – іргелі және айрықша мәнді мәселелерді шешу жолындағы көп салалы және бейнеті мол еңбек. Мұндай мәселелерді шешу міндетті түрде жаңа, инновациялық білім өндіруге алып келеді. Екінші жағынан, жобада негізделген болжамды нәтижелер сияқты іргелі инновациялық өнімге қол жеткізу туралы мақсат бұған дейін ешбір зерттеушінің, зерттеушілер тобының алдына қойылған емес.

Монография – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының абайтану саласындағы ғылыми-зерттеулер бағдарламасына сай орындалған жұмыстардың нәтижесі.

Абай институтында абайтану саласында жазылған еңбектер түгелдей жиналып, жинақталып, «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» атты көп томдық серия түрінде жариялауға дайындалды. Олардың біразы институттың хабаршысында жарық көрді. «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» атты көп томдықтың әуелгі он томы дайындалып, «Қазақ университеті» баспасына тапсырылды. Жарияланып отырған монография – «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» тобындағы сегізінші том.

Монография кіріспе мен қорытындыдан (авторлары – Жанғара Дәдебаев, Пазылбек Бисенбаев) және сегіз тараудан тұрады. Еңбектің соңында монографиялық зерттеуді жүргізуге негіз болған ғылыми жобаның жалпы сипаттамасы берілген.

«Абай мұрасын пәнаралық зерттеудің өзекті мәселелері» деп аталатын бірінші тарауда бірқатар маңызды, көкейкесті ғылыми мәселелер сөз болған. Тарау авторы – Ж. Дәдебаев. «Абайтану тарихы» деп аталатын екінші тарауда абайтану тарихының жалпы мәселелері қарастырылған. Тарау авторлары – Өмірхан Әбдиманұлы, Тұрсынбек Кәкішев, Ерхан Кәрібозов. Абайтану ғылымында мынадай екі саланың басы ашық. Бірінші саланың зерттеу пәні